

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС-07 Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами	Издание № 3 от «01» января 2019г.	Стр. 1 из 17
		Взамен издания № 2 от «14» июля 2018г.	



Утверждены решением
Совета директоров
АО «СК «Сентрас Иншуранс»
Протокол № 49 от «26».11.2018 г.

Оглавление

Глава 1. Общие положения

Глава 2. Основные понятия

Глава 3. Объект страхования

Глава 4. Страховой случай и размер страховой выплаты

Глава 5. Порядок заключения Договора страхования

Глава 6. Порядок уплаты страховой премии

Глава 7. Страховые случаи

Глава 8. Срок и место действия Договора страхования

Глава 9. Условия прекращения Договора страхования

Глава 10. Права и обязанности сторон

Глава 11. Права Потребителя

Глава 12. Перечень документов, подтверждающих наступление страхового случая

Глава 13. Срок принятия решения о страховой выплате или отказе в страховой выплате

Глава 14. Порядок и условия осуществления страховой выплаты

Глава 15. Обязательства страхователя (страхователя) по осуществлению страхования

Глава 16. Право обращения третьих лиц за страховой выплатой

Глава 17. Порядок разрешения споров

Глава 18. Обязательства страхователя перед пассажирами

ПС-07

Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности перевозчика перед пассажирами АО «СК «Сентрас Иншуранс»

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Троценко Д.А.		23.11.2018

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Директор Департамента страховых выплат	Былин А.А.		22.11.2018
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		23.11.2018
Согласовано	Заместитель Директора Департамента Андеррайтинга	Самойлова Т.В.		22.11.2018

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Специалист 1 категории ОМ	Джумагулов Т.Э.		22.11.2018

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің 1- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Мазмұны

2-бөлім. Негізгі ұғымдар	3
2.1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	
- 3	
3-бөлім. Сақтандыру объектісі	4
4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы, келтірілген залал мен сақтандыру төлемінің көлемін анықтау	4
6-бөлім. Сақтандыру сомасы. Франшиза	6
8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	8
9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	9
10.1. Сақтанушы құқылы:	10
10.4. Сақтандырушы міндетті:	11
11-бөлім. Зардап шегушінің құқықтары	12
11.1. Зардап шегуші құқылы:	12
12-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	13
13-бөлім. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	14
14-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары	14
15-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	15
16-бөлім. Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы	15
17-бөлім. Дауларды шешу тәртібі	16
18-бөлім. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері	16
19-бөлім. Ақпараттық өзара әрекеттестік	16

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің 3- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

1-бөлім. Жалпы ережелер

1.1. Осы тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың (бұдан әрі - Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру) мақсаты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы жолаушыларды тасымалдау барысында олардың мүліктік мүдделерін қорғаныспен қамтамасыз ету болып табылады.

1.3. Осы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) талаптарына сәйкес бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Сентрас Иншуранс «Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасады (бұдан әрі - Шарт).

1.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1.4.1. заңда белгіленген көлемде және тәртіппен Зардап шегушілердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

1.4.2. жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауды жауапкершілігі тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған тасымалдаушының жүзеге асыруы;

1.4.3. тараптардың тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

2-бөлім. Негізгі ұғымдар

2.1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

2.1.1. Пайда алушы - осы Ережеге және Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2.1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - Тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау барысында олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген міндеті;

2.1.3. Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

2.1.4. жолаушы - тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша түрде тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

2.1.5. Жолаушының мүлкі – жолаушының жолжүгі және өзімен бірге алып жүретін қол жүгі, тасымалдау барысында оларға келтірілген залал үшін тасымалдаушы жауап береді;

2.1.6. Тасымалдаушы – теміржол, теңіз, ішкі су, ауа, автомобиль көлік құралы, соның ішінде рельспен жүретін қалалық көлікке жекеменшік құқығы негізінде немесе өзге заңды негіздерде иелік ететін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушылар мен олардың мүлкін ақылы немесе жалдамалы негізде тасымалдауға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

2.1.7. Зардап шегуші - тасымалдау барысында өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтірілген жолаушы;

2.1.8. Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында басқасы көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады;

2.1.9. сақтандыру сыйақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;

2.1.10. сақтандыру сомасы - Сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің 4- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

2.1.11. сақтандыру төлемі - Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

2.1.12. сақтандыру оқиғасы - шартты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

2.1.13. сақтандыру омбудсманы – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға»;

2.1.14. Сақтандырушы – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметімен айналысу құқығына лицензия алған, сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтанушыға немесе Шарт пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға; Ереже бойынша Сақтандырушы «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамы болып табылады;

2.1.15. Франшиза – Сақтандырушыны белгіленген көлемнен аспайтын залалды өтеуден босату.

3-бөлім. Сақтандыру объектісі

2.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі Тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау барысында олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген міндетімен байланысты тасымалдаушының мүлдіктік мүддесі болып табылады.

2.3. Жолаушылар мен олардың мүлкін теміржол, теңіз, ішкі су, ауа, автомобиль көлік құралы, соның ішінде рельспен жүретін қалалық көлікпен тасымалдайтын Қазақстан Республикасының тасымалдаушы-резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

2.4. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралының әрбір бірлігі бойынша сақтандырылуы тиіс.

2.5. Тасымалдаушының жолаушылардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру шартын жасасу тасымалдаушыны оның жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу міндетінен босатпайды.

2.6. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамай жолаушыларды тасымалдауға рұқсат етілмейді.

2.6.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасамаған тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдауына тыйым салынады.

2.6.2. Халықаралық тасымалмен айналысатын тасымалдаушы Қазақстан Республикасымен бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

2.6.3. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері мен көлік бақылау органдары құжаттарды тексеру барысында тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау бойынша міндетінің орындалуын тексеруге міндетті.

2.6.4. Осы тармақтың 2.6.1.-тармақшасын бұзғаны үшін көлік пен коммуникация саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган тасымалдаушының лицензиясының күшін алты айға дейінгі мерзімге тоқтатып қояды.

4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы, келтірілген залал мен сақтандыру төлемінің көлемін анықтау

4.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру оқиғасы ретінде тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау барысында олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу дерегі танылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің,5- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

4.2. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал оның өлімімен, еңбекке жарамдылығынан уақытша немесе тұрақты айрылуымен байланысты материалдық залалды қамтиды.

4.3. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдың көлемі осы Ережеге сәйкес тиісті ұйымдармен берілген құжаттардың негізінде анықталады.

4.4. Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген залал жолаушының тасымалдаушы қабылдап алған (жолжүгі) және (немесе) тасымалдау барысында жолаушының өзімен бірге алып жүрген жойылған, жетіспейтін немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің құнын қамтиды.

4.5. Жолаушының жолжүгі және (немесе) өзімен бірге алып жүрген заттары тасымалдаушының кесірінен жойылған, жетіспейтін немесе зақымдалған (бүлінген) жағдайда, келтірілген залал көлемі мынадай тәсілмен анықталады:

4.5.1. жолаушының жолжүгі және (немесе) өзімен бірге алып жүрген заттары жойылған немесе жетіспейтін болса - жолаушының жойылған немесе жетіспейтін жолжүгінің және (немесе) өзімен бірге алып жүрген заттарының құнының көлемінде;

4.5.2. жолаушының жолжүгі және (немесе) өзімен бірге алып жүрген заттары зақымдалған (бүлінген) болса – олардың құнын төмендеткен соманың көлемінде, ал жолаушының зақымдалған жолжүгін және (немесе) өзімен бірге алып жүрген заттарын қалпына келтіру мүмкін болмаса – олардың құнының көлемінде;

4.5.3. құндылығын жариялап, тасымалдауға тапсырылған жолжүк жойылған жағдайда – жолжүктің жарияланған құнының көлемінде.

4.6. Сақтандыру оқиғасының орын алуын, сондай-ақ тасымалдау барысында жолаушылардың мүлкіне келтірілген залалдың көлемін дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылушыға) жүктеледі.

4.7. Сақтандыру оқиғасының орын алуы нәтижесінде келтірілген залал көлемін сақтандырушы сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша өтініші бойынша анықтайды.

5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушының өтініші негіз болып табылады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті сақтандырушы атқарады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

5.4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін өтінім электрондық нысанда берілген кезде, сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.

5.5. Шартта мүліктің тауарлық құнын жоғалтуын, сондай-ақ Зардап шегушінің тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерін, Келісімшарттар (Шарттар) бойынша оның өзге де міндеттемелерін бұзуына байланысты тұрақсыздық айыбын өтеуді қоса алғанда, Зардап шегушінің моральдық залалды және жіберіп алған пайдасын өтеуді қоспағанда, Зардап шегушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

5.6. Шарт тек міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар Сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс. Сақтанушының Сақтандырушыны таңдау еркі өзінде.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің.6- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Шарт бойынша Сақтанушы Сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Пайда алушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ережеде және шартта көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну арқылы немесе сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтанушы мен сақтандырушының арасында электрондық нысандағы ақпаратпен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

Сақтанушының өтініш-сауалнамасы шарт жасасу үшін негіз болып табылады. Өтініш мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Шартта көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті Сақтандырушы атқарады. Шарт бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.7. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру оқиғасы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері және шарт түрі көрсетілуі тиіс.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны және оны рәсімдеу бойынша талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленеді.

5.8. Егер Сақтандырушы Заңмен көзделгенмен салыстырғанда Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе Зардап шегушінің жағдайын нашарлататын талаптарда шарт жасаса, онда сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) мен Зардап шегуші алдында осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес міндет атқарады.

6-бөлім. Сақтандыру сомасы. Франшиза.

6.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының бір сақтандыру оқиғасы (сақтандыру сомасы) бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі бөлек көрсетіліп, төменде көрсетілген көлемдерден кем болмауы тиіс (айлық есептік көрсеткішпен):

- 1) әр Зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына келтірілген және өлімге әкеп соққан залал үшін - 5000;
- 2) мүгедектіктің тағайындалуы:
I топ - 5000,
II топ - 3500,
III топ - 2500; мүгедек бала - 5000;
- 3) мүгедектік тағайындалмай мертігу, жарақаттану немесе денсаулығының өзге де зақымдануы - амбулаторлық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспайтын;
- 4) әр Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген залал үшін - келтірілген залал мөлшерінде, бірақ 250-ден аспайтын.

6.2. Шарт бойынша франшиза бір сақтандыру оқиғасы бойынша және әрбір Зардап шегуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселік мөлшерін құрайды. Келтірілген залал көлемі белгіленген франшиза көлемінен асатын жағдайларда, сақтандыру төлемі толық көлемде орындалады.

6.3. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі франшизаны қолданбай жүзеге асырылады.

7-бөлім. Сақтандыру сыйақысы

7.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде көлік құралының бір бірлігіне жылдық сақтандыру сыйақыларының келесі көлемдері белгіленеді (айлық есептік көрсеткішпен):

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	17 беттің.7- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

№ р/с	Көлік құралының атауы	Жылдық сақтандыру сыйақысының көлемі
1	Автомобильдік	
	1) жеңіл автомобильдер, автобустар, микроавтобустар:	
	4-ке дейін қоса алғанда жолаушы орны	3
	4-тен 7-ге дейін қоса алғанда жолаушы орны	5
	7-ден 16-ға дейін қоса алғанда жолаушы орны	11,5
	16-дан 30-ға дейін қоса алғанда жолаушы орны	16
	30-дан астам жолаушы орны	23
	2) трамвайлар, троллейбустар	7
2	Әуелік	
	1) ұшақтар	
	50-ге дейін қоса алғанда жолаушы орны	400
	50-ден 120-ға дейін жолаушы орны	990
	120-дан 200-ге дейін жолаушы орны	2180
	200-ден астам жолаушы орны	3820
	2) тікұшақтар	135
3	Теңіз	
	50-ге дейін қоса алғанда жолаушы орны	50
	50-ден 100-ге дейін жолаушы орны	100
	100-ден 150-ге дейін жолаушы орны	150
	150-ден 300-ге дейін жолаушы орны	300
	300-ден астам жолаушы орны	
4	Ішкі су	
	50-ге дейін қоса алғанда жолаушы орны	17,5
	50-ден 100-ге дейін жолаушы орны	35
	100-ден 150-ге дейін жолаушы орны	50
	150-ден 300-ге дейін жолаушы орны	90
	300-ден астам жолаушы орны	160

7.2. Теміржол тасымалымен айналысатын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағында Шарттың қолданылу мерзімінде алған (алуы тиіс) жолаушылар мен

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің,8- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

олардың мүлкін тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтен түсетін табыс сомасынан 0,2 пайызды құрайды, бір айда алынған (алынуы тиіс) табыстан ай сайынғы жарна түрінде төленеді.

7.3. Шарт 12 (он екі) айдан кем мерзімге жасалған кезде, сақтандыру сыйақыларының келесі көлемдері белгіленеді:

№ р/с	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйақысының көлемі (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайызбен)
1	2	3
1	1 айға дейін қоса алғанда	20
2	1-ден 2 айға дейін қоса алғанда	30
3	2-ден 3 айға дейін қоса алғанда	40
4	3-тен 4 айға дейін қоса алғанда	50
5	4-тен 5 айға дейін қоса алғанда	60
6	5-тен 6 айға дейін қоса алғанда	70
7	6-дан 7 айға дейін қоса алғанда	75
8	7-ден 8 айға дейін қоса алғанда	80
9	8-ден 9 айға дейін қоса алғанда	85
10	9-дан 10 айға дейін қоса алғанда	90
11	10-нан 11 айға дейін қоса алғанда	95
12	11 айдан астам	100

Осы тармақтың күші теміржол тасымалымен айналысатын тасымалдаушы жасайтын Шартқа таралмайды.

7.4. Сақтандырушының қалауы бойынша сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан жағдайда сақтанушыға осы Ереженің 7.1 және 7.3 тармақтарына сәйкес есептелген төлеуге жататын сақтандыру сыйақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде жеңілдік берілуі мүмкін.

Бұл ретте, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір мезгілде сақтандыру сыйақысының жалпы сомасы және жеңілдік (болған жағдайда) ескеріле отырып, сақтандыру сыйақысының сомасы көрсетілуге тиіс.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдаланбай, оның ішінде сақтандыру агенттері арқылы өзге тәсілдермен жасасу кезінде жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

8.1. Шарт осы Ережеге сәйкес Зардап шегуші деп танылған барлық адамдарға қатысты қолданылады.

8.2. Шарт Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген сәттен бастап, ал сыйақы бөліп төленетін жағдайда – Шарттың талаптарымен өзгеше көзделмеген болса, бірінші сақтандыру жарнасы төленген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	17 беттің,9- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

8.3. Осы бөлімнің 8.4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт күшіне енген күннен бастап **12 (Он екі) айға жасалады.**

Шарт бүкіл сақтандыру мерзімі бойына қолданылады және бірінші орын алған сақтандыру оқиғасына дейін күшін жоймайды.

8.4. Егер тасымалдаушының жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдау құқығы **12 (Он екі) айдан** кем мерзім ішінде аяқталатын болса, онда Шарт тек осы мерзімге жасалады.

8.4.1. Сақтандыру төлемдерін кепілдеу жүйесінің қатысушысы - мәжбүрлі таратылатын ұйымның Несиегерлерімен (Сақтанушыларымен) Шартты **12 (Он екі) айдан** кем мерзімге жасауға рұқсат етіледі.

8.5. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгесі көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

9.1. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

9.2. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату үшін Сақтанушы (Сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның Мұрагері (Мұрагерлері) Сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

9.3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылып, дәл осы сақтандырушымен жаңадан тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалатын болса, сақтандырушы сақтандыру сыйақысының бір бөлігін төмендегідей көлемде ұстап қалуға құқылы:

$$ЧСП = СП * n/N, \text{ мұндағы:}$$

ЧСП - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен); СП - тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйақысының мөлшері (теңгемен);

n - Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап, оның мерзімінен бұрын тоқтатылған күніне дейін өткен мерзім, жүгіну күнін қоса алғанда;

N - Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).

9.4. Осы бөлімнің 9.3-тармағында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сақтандырушының көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйақысының бір бөлігін мынадай мөлшерде ұстап қалуға құқығы бар:

№ р/с	Шарт күшіне енген сәттен бастап мерзімінен бұрын тоқтатылған сәтке дейін өткен мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйақысының көлемі (жылдық сақтандыру сыйақысынан пайызбен)
1	2	3
1	1 айға дейін қоса алғанда	20
2	1-ден 2 айға дейін қоса алғанда	30
3	2-ден 3 айға дейін қоса алғанда	40
4	3-тен 4 айға дейін қоса алғанда	50
5	4-тен 5 айға дейін қоса алғанда	60

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің,10- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

6	5-тен 6 айға дейін қоса алғанда	70
7	6-дан 7 айға дейін қоса алғанда	75
8	7-ден 8 айға дейін қоса алғанда	80
9	8-ден 9 айға дейін қоса алғанда	85
10	9-дан 10 айға дейін қоса алғанда	90
11	10-нан 11 айға дейін қоса алғанда	95
12	11 айдан астам	100

10-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушы құқылы:

10.1.1. Сақтандырушыдан Шарт талаптарын, өзінің шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

10.1.2. Зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалдың көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалану;

10.1.3. келтірілген залалдың көлемін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемі көлемінің есептеулерімен танысу;

10.1.4. шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;

10.1.5. осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

10.1.6. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу);

10.1.7. осы Ережеде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға.

10.2. Сақтанушы міндетті:

10.2.1. осы Ережеге сәйкес Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға Шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын қажетті құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті;

10.2.2. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;

10.2.3. Сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы өзіне белгілі болғандай, дереу, бірақ **3 (үш) жұмыс күнінен** кешіктірмей бұл туралы шарт жасалған сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға міндетті. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен **(72 (Жетпіс екі) сағат ішінде)** жазбаша расталуға тиіс. Сақтанушы мен Сақтандырылушы сол бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, көлік оқиғасының және сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау жөніндегі міндет сақтандырылушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) дәлелді себептермен аталған әрекеттерді орындауға мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжатпен растауға тиіс;

10.2.4. сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қол жетімді шаралар, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қабылдау;

10.2.5. тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, жедел медициналық көмек қызметі, апаттық қызметтер) сақтандыру оқиғасы және зардап шеккен адамдар туралы хабарлауға;

10.2.6. көлікте болған сақтандыру оқиғасы туралы акт құру;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің.11- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10.2.7. сақтандыру оқиғасының орын алуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

10.3. Сақтандырушы құқылы:

10.3.1. Шарт жасасу барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, сақтанушыдан осы Ережеге сәйкес шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы шарттар, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

10.3.2. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Зардап шегушіге келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

10.3.3. көлік оқиғасының себептері мен өзге де жағдайларын анықтау үшін Зардап шегушінің зақымдалған (жойылған) мүлкін бағалау;

10.3.4. Зардап шегушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залал көлемін бағалау және сақтандыру оқиғасы орын алған кезде сақтандыру төлемінің көлемін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалану;

10.3.5. осы Ереженің 16-бөлімінде көзделген жағдайларда залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге;

10.3.6. осы Ереженің 15-бөлімінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

10.4. Сақтандырушы міндетті:

10.4.1. Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, соның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру;

10.4.2. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;

10.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама алған бойда, оны дереу тіркеу;

10.4.4. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап **7 (Жеті) жұмыс күні** аралығында Сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген залал көлеміне бағалау өткізіп, сақтандыру төлемі көлемінің есептеулері көрсетілген сақтандыру актісін құру және оны Пайда алушыға қарап шығуға ұсыну;

10.4.5. сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күні** ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті;

10.4.6. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;

10.4.7. Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (Зардап шегушінің, пайда алушының) талаптарын қарау және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беру;

10.4.8. Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберу;

10.4.9. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру оқиғасы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында өзі шеккен шығыстарды өтеу;

10.4.10. Сақтанушы осы Ереженің **12-бөлімінің 12.2.-тармағында** көзделген құжаттарды тапсырмаған жағдайда, тапсырылған құжаттардың толық тізімі мен олардың қабылданған күні көрсетілген анықтама берілген сәттен бастап дереу, бірақ **5 (Бес) жұмыс күнінен** кешіктірмей, оған жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша түрде ескерту;

10.4.11. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

10.5. Шартта тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің.12- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10.6. Сақтанушының осы бөлімнің 10.2. тармағының 10.2.4., 10.2.5. және 10.2.7. тармақшаларында көрсетілген міндеттері сақтандыру оқиғасы орын алған сәтте көлік құралын тікелей басқарған тұлғаға жүктеледі.

10.7. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етуге міндетті:

10.7.1. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде сақтанушыға дереу жіберу;

10.7.2. деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы сақтанушының тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;

10.7.3. Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

10.7.4. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) келелесілерге қажетті ақпаратты электрондық нысанда (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:

10.7.4.1. тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

10.7.4.2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

10.7.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама;

10.7.4.4. келтірілген залалдың мөлшеріне бағалау жүргізу;

10.7.4.5. сақтандыру төлемін алу.

10.8. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтанушының осы сақтандыру шарты Сақтандырушы ұсынған талаптарда жасалған болып есептеледі.

10.9. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сақтанушы Заңмен көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін, сол арқылы оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

11-бөлім. Зардап шегушінің құқықтары

11.1. Зардап шегуші құқылы:

11.1.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдауы нәтижесінде болған сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарлау;

11.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтанушымен (Сақтандырылушымен) Шарт жасасқан Сақтандырушыға тапсыру;

11.1.3. денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген залал көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметіне жүгіну;

11.1.4. келтірілген залалдың көлемін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған сақтандыру төлемі көлемінің есептеулерімен танысу;

11.1.5. осы Ережеде белгіленген көлемде, тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін алу;

11.1.6. осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгіну;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	17 беттің,13- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

11.1.7. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсын не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;

11.1.8. тасымалдаушыға келтірілген залал сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түсуі мөлшерінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қою.

11.2. Осы Ережеде көзделген жағдайларда, осы бөлімнің 11.1-тармағында белгіленген Зардап шегушінің құқықтары Пайда алушы ретінде әрекет ететін өзге тұлғаларға өтеді.

12-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

12.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғамен сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды көрсете отырып жазбаша нысанда ұсынылады.

12.2. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға оның тұрғылықты жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.

12.3. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

12.3.1. сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Зардап шегушілерге келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжат;

12.3.2. тасымалдаушымен құрылған көліктегі сақтандыру оқиғасы туралы акт;

12.3.3. жол билеті немесе оның орнын ауыстыратын құжат (билет сату тізімдемесінің немесе тасымалдаушымен куәландырылған билет түбіртегінің көшірмесі), - жолаушыға билет берілген жағдайда, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ресімделген куәгерлік түсініктемелер;

12.3.4. зардап шегушінің еңбекке уақытша жарамсыздық мерзімі туралы Денсаулық сақтау ұйымының анықтамасының көшірмесі немесе зардап шегушінің мүгедектігін белгілеу туралы мамандандырылған мекемелердің анықтамасының көшірмесі;

12.3.5. Зардап шегушінің қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі және Пайда алушының залалды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі), - Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда;

12.3.6. Зардап шегушінің жоғалтылған, жетіспейтін немесе зақымдалған (бүлінген) мүлкінің тізімі – мүлікке залал келтірілген жағдайда;

12.3.7. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында Сақтанушы (Сақтандырылушы) шеккен шығыстарды растайтын құжаттар - олар болған жағдайда.

12.4. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Зардап шегушіден басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

12.5. Тасымалдаушымен құрылған көліктегі сақтандыру оқиғасы туралы акт келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

12.5.1. Зардап шегушінің тегі, аты, әкесінің аты;

12.5.2. көлік түрі;

12.5.3. рейстің нөмірі, пойыздың нөмірі, кеменің атауы және т.б.;

12.5.4. жүру бағыты;

12.5.5. Зардап шегушіде бар жол билетінің сериясы мен нөмірі;

12.5.6. сақтандыру оқиғасының орын алу күні, уақыты және орны;

12.5.7. Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зақымданулардың сипаттамасы;

12.5.8. Зардап шегушінің мүлкіне келтірілген зақымданулардың сипаттамасы;

12.5.9. сақтандыру оқиғасының жағдаяттарының қысқаша сипаттамасы;

12.5.10. тергеуді жүргізетін құзыретті органның атауы;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	17 беттің,14- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

- 12.5.11.** Зардап шегуші жөнелтілген медициналық мекеменің атауы мен орналасқан жері;
- 12.5.12.** көлік ұйымының немесе көлік құралының басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолтаңбасы;
- 12.5.13.** тергеуді жүргізетін құзыретті органның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолтаңбасы;
- 12.5.14.** тасымалдаушының мөрі, жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда.
- 12.6.** Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші ұсынған құжаттардың толық тізбесі және қабылданған күні көрсетілген анықтама беруге міндетті.
- 12.6.1.** Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық нысанда жолдаған жағдайда, сақтандырушы бұл анықтаманы оған электрондық нысанда ұсынуға құқылы.
- 12.7.** Зардап шегуші (ол қайтыс болған жағдайда, Зардап шегушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес залалды өтетуге құқығы бар адам), сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Зардап шегушіге (залалды өтетуге құқығы бар адамға) келтірілген залалды осы Ережеде және Заңда белгіленген Сақтандырушының жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.
- 12.8.** Зардап шегушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі басқа сақтандыру шарттары бойынша оған (залалды өтетуге құқығы бар тұлғаларға) тиесілі сомаларға қарамастан жүзеге асырылады.
- 12.9.** Зардап шегушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша сақтандыру төлемі денсаулықты және (немесе) мүлікті қалпына келтіру жөнінде оған қызмет көрсеткен (көрсететін) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.
- 12.10.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушының Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін талаптарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.

13-бөлім. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

- 13.1.** Сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болған жағдайда, талап қойылған күннен бастап **7 (Жеті) жұмыс күні** ішінде Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы талап қойған тұлғаға жазбаша түрде бас тарту себебінің уәжделген негіздемесін келтіре отырып, сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді жолдауға міндетті.
- 13.2.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің **12-бөлімінде** көзделген құжаттарды алған күннен бастап **7 (жеті) жұмыс күні** ішінде жасайды.

14-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.

- 14.1.** Зардап шегушінің өліміне немесе мүгедектігіне алып келген өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі сақтандырушының осы ереженің 6-бөлімінде көзделген жауапкершілігінің шекті көлемінде жүзеге асырылады.
- 14.2.** Жолаушының өмірі мен денсаулығына тасымалдау барысында келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәлігіне қарамастан өтелуі тиіс.
- 14.3.** Сақтандыру төлемінің көлемін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес сақтандыру төлемі жасалатын күнге қарай белгіленген айлық есептік көрсеткіш қолданылады.
- 14.4.** Сақтанушының (Сақтандырылушының) залалдың алдын алу немесе азайту мақсатында көрген шығындарын Сақтандырушы өтеуі тиіс, егер бұл шығындар Сақтандырушының нұсқауын орындау үшін қажет немесе жұмсалған болса, тіпті тиісті шаралар тиімсіз болған жағдайда да.

Мұндай шығындар нақты көлемде өтеледі, бұл жағдайда сақтандыру сомасының және шығын өтемінің жалпы сомасы Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде пайда болса, олар сақтандыру сомасынан бөлек толық көлемде өтеледі. Көрсетілген шығындарды Сақтандырушы шығынды тікелей көрген адамға өтейді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің,15- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

14.5. Сақтандыру сомасы келтірілген залалды толық өтеу үшін жеткіліксіз болса, тасымалдаушы Зардап көрушіге сақтандыру сомасы мен нақты залал көлемі арасындағы айырманы өтейді.

14.6. Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда зардап шегушіні жерлеген тұлғаға сақтандырушы жерлеу шығындарын жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

15-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

15.1. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы төмендегідей жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

15.1.1. қажетті қорғаныс жағдайында және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

15.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

15.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

15.2.1. Сақтанушының, сақтандырылушының, Пайда алушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

15.2.2. осы Ережеде көзделген жағдайларды есептемегенде, сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау;

15.2.3. Зардап шегушінің ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бұйымдар, бағалы заттар, әшекейлер, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түріндегі мүлкіне залал келтіру.

15.3. сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға негіз бола алмайды, егер бас тарту дәлелді себеппен шартталған болса және сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін, Зардап шегушінің өміріне немесе денсаулығына залал келтірілуін және мүлік сақтандыру оқиғасы орын алған кездегідей күйде болғандығын растайтын құжаттар тапсырылған болса.

15.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы өтінішті және барлық құжаттарды алған күннен бастап **7 (жеті) жұмыс күні** ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

15.5. Егер сақтандыру жағдайы төмендегідей жағдайлардың салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

15.5.1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың әсері;

15.5.2. әскери іс-қимылдар;

15.5.3. азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

15.6. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

16-бөлім. Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы

16.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) төленген сома шегінде қайта талап етуге құқығы бар, егер:

16.1.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, оның сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері салдарынан басталған;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	17 беттің,16- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

16.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мастық күйінде басқаруы салдарынан болған;

16.1.3. көлік құралын басқарған адамның оны басқаруға құқығы болмаған;

16.1.4. сот талқылауы барысында сақтандыру оқиғасы Сақтанушы (Сақтандырылушы) білген немесе білуге тиіс көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны анықталды;

16.1.5. көлік құралын оның техникалық мақсатына тән емес мақсатта пайдалану;

16.1.6. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасынан залалды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы.

16.2. Егер осы бөлімнің 16.1-тармағында аталған жағдайларда, көлік құралын оның иесімен еңбек қатынастарына байланысты немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланатын тұлға келтірілген залалға кінәлі болып табылса, онда Сақтандырушы осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы.

16.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығы ауысады.

17-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

18-бөлім. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері

18.1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) құқылы:

1) Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет - ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе

2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберу.

18.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Зардап шегушіден, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауапты қарайды және ұсынады.

18.3. Сақтанушы (Зардап шегуші, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, Зардап шегушінің (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

19-бөлім. Ақпараттық өзара әрекеттестік

19.1. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері, автомобиль жолаушы көлігінде болған көлік оқиғасының қатысушыларына сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін растайтын құжаттардың, соның ішінде жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттаманың оқиға схемасымен қоса көшірмесінің бір-бір данасын береді.

19.2. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері, прокуратура органдары, соттар, денсаулық сақтау ұйымдары, жолаушы көлігінде болған оқиға туралы және оның салдары туралы хабардар басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұл ақпаратты оларға жүгінген кезде Сақтандырушыға, Сақтандырылушыға, Пайда алушыға және сақтандыру омбудсманына беруге міндетті.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-07 Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	17 беттің,17- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

19.3. Автомобильдік жолаушы тасымалымен айналысатын тасымалдаушы зардап шегушілерге немесе олардың мұрагерлеріне сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы хабарлай алмаса, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері тиісті Сақтандырушыны осы көлік оқиғасы туралы хабардар етуді жүзеге асырады.

19.4. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы кез келген басқа адам хабарлауға құқылы.

20-бөлім. Ерекше талаптар

20.1. Қазақстан Республикасының Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзған, сондай-ақ сақтандыру оқиғасын әдейі ұйымдастырған және сақтандыру төлемін заңсыз алуға бағытталған басқа да заңсыз әрекеттерді жасаған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікті атқарады.

20.2. Теміржол тасымалымен айналысатын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде, Сақтандырушы өзінің сақтандыру тәуекеліне өткізген бағалауының нәтижесі бойынша осы Ереженің 7-бөлімінің 7.2-тарауында көзделген сақтандыру сыйақысының көлемін тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағында Шарттың қолданылу мерзімінде алған (алуы тиіс) жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтен түсетін табыс сомасының 0,5 пайызынан аспайтын көлемге дейін арттыруы мүмкін.

20.3. Теміржол тасымалынан басқа жолаушы тасымалының басқа түрлерімен айналысатын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған кезде, Сақтандырушы өзінің сақтандыру тәуекеліне өткізген бағалауының нәтижесі бойынша осы Ереженің 7-бөлімінің 7.1-тарауында көзделген сақтандыру сыйақысының көлемін ең көбі **2 есеге** дейін арттыруы мүмкін.

20.4. Сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі мен мерзімі Шартта белгіленеді.

20.5. Егер Шартта сақтандыру сыйақысын бөліп төлеу көзделген болса, онда Сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі Сақтандырушы үшін Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға негіз бола алмайды.

20.6. Кезекті сақтандыру жарнасын дер кезінде төлемеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіп пен көлемде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

